

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймақтарға бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 332 қаулысы

Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 4-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 600-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймақтарға бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулы мемлекеттік н бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалына нормативтік құқықтық актілердің Қазақстан Республикасының эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдау;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шал ақын ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыру.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Омаров

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы әкімдігінің
2025 жылғы "28" қарашадағы
№ 332 қаулысына
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймақтарға бөлу коэффициенттері

--	--	--

№ р/р	Салық салу объектісінің елді мекенде орналасқан жері	Аймақтарға бөлу коэффициенті
Сергеевка қаласы		
1	Сергеевка қаласы I	1,95
2	Сергеевка қаласы II	1,95
3	Сергеевка қаласы III	1,75
4	Сергеевка қаласы IV	1,85
5	Сергеевка қаласы V	1,85
Афанасьев ауылдық округі		
6	Афанасьевка ауылы	1,5
7	Двойники ауылы	1,25
8	Рясинка ауылы	1,3
9	Садовка ауылы	1,1
10	Қорғантас ауылы	1,05
Аютас Ауылдық округі		
11	Қаратал ауылы	1,85
12	Ақанбарақ ауылы	1,95
13	Көктерек ауылы	1,6
14	Ысқақ Ыбыраев ауылы	1,85
Городецк ауылдық округі		
15	Городецк ауылы	1,8
16	Бағанаты ауылы	1,45
17	Коноваловка ауылы	1,25
18	Мерген ауылы	1,8
19	Жалтыр ауылы	1,85
Жаңажол ауылдық округі		
20	Жаңажол ауылы	1,8
21	Жаңаталап ауылы	1,8
22	Кеңес ауылы	1,8
Арай ауылдық округі		
23	Арай ауылы	1,85
24	Алқаағаш ауылы	1,65
25	Ровное ауылы	1,35
26	село Социал ауылы	1,6
Новопокров ауылдық округі		
27	Новопокровка ауылы	1,75
28	Ақсу ауылы	1,65
29	Белоглинка ауылы	1,05
30	Еңбек ауылы	1,4
31	Жаңасу ауылы	1,65
Юбилейный ауылдық округі		
32	Ұзынжар ауылы	1,95

33	Крещенка ауылы	1,9
34	Белоградовка ауылы	1,35
35	Куприяновка ауылы	1,5
Приишим ауылдық округі		
36	Повозочное ауылы	1,7
37	Бірік ауылы	1,7
38	Меней ауылы	1,6
39	Ортаколь ауылы	1,15
Семипол ауылдық округі		
40	Семиполка ауылы	1,75
41	Балуан ауылы	1,65
42	Остаган ауылы	1,6
43	Ступинка ауылы	1,8
Сухорабов ауылдық округі		
44	Сухорабовка ауылы	1,6
45	Ольгинка ауылы	1,5